

Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 249 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 сәуірде № 10927 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 14 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.02.2019 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 23.02.2018 № 73 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 23.02.2018 № 73 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік активтерді басқару саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның мемлекеттік кәсіпорындарды басқаруды, акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакетіне және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталдарына мемлекеттік қатысу үлестеріне иелік ету және оны пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың назарына жеткізілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушы

М. Құсайынов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов
2015 жылғы 1 сәуір

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 27 наурыздағы
№ 249 бұйрығымен
бекітілген

Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 23.02.2018 № 73 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.09.2017 № 330 (халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап және халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 13-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтер мен ұлттық компанияларды қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың (бұдан әрі – АҚ), жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің (бұдан әрі – ЖШС) және мемлекеттік кәсіпорындардың (бұдан әрі – МК) даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 23.02.2018 № 73 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) атқарушы орган – атауы ұйымның жарғысымен айқындалатын атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын алқалы орган немесе тұлға;

2) даму жоспары (бұдан әрі – даму жоспары) – МК, АҚ және мемлекетке тиесілі акцияларының бақылау пакеті (жарғылық капиталға қатысу үлесі) ЖШС қызметінің негізгі бағыттары мен қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындайтын құжат;

3) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

4) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар – акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакетін және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердегі қатысу үлестерін, мемлекеттік заңды тұлғалар құқығының субъектілерін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыруға, оның ішінде шешімдер қабылдауға өкілеттіктер берілген басқармалар (бөлімдер);

5) мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор (бұдан әрі – бірыңғай оператор) – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалған, мемлекеттік мүлікті ұйымдастыру мен есепке алу саласында бірыңғай техникалық саясатты іске асыру бойынша міндеттер жүктелген заңды тұлға;

6) тиісті саланың уәкілетті органы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, мемлекеттік басқарудың тиісті саласында (аясында) басшылықты

жүзеге асыратын және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы мен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген шарттарда республикалық мүлікке қатысты құқықтарды иеленетін орталық атқарушы орган;

7) ұйымдар – мемлекет бақылайтын АҚ және ЖШС, МК, оның ішінде сенімгерлік басқаруға берілген кәсіпорындар.

2-тарау. Даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібі

3. Даму жоспары бесжылдық кезеңге бір рет әзірленеді және Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарында және мемлекеттік органның стратегиялық жоспарында, аумақтарды дамыту бағдарламасында баяндалған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі тұрғысынан тиісті саланың уәкілетті органымен немесе жергілікті атқарушы органмен (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органмен) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратымен келісіледі.

4. Даму жоспарын әзірлеу осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 28-1, 29, 30-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша құрылымға, нысандарға, көрсеткіштер тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 23.02.2018 № 73 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Ұйымның даму жоспары мақсаттарды, міндеттерді, нәтижелер көрсеткіштерін және инвестицияларды қоса алғанда, қаржы-шаруашылық қызметтің негізгі біріктірілген және біріктірілмеген көрсеткіштерін, кірістерді, шығыстарды, қарыздарды, дивидендтерді (таза кірістің бюджетке аударылатын бөлігі), қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін басқа да мәліметтерді қамтиды.

6. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган), стратегиялық жоспарларды әзірлемейтін тиісті салалардың уәкілетті органдарын қоспағанда, мыналарды:

1) мемлекеттік органның (жергілікті атқарушы органның) стратегиялық жоспарында (аумақты дамыту бағдарламасында) көрсетілген мақсаттарға қол жеткізуге және міндеттерді орындауға алып келетін ұйым қызметінің мақсаттары мен міндеттерін;

2) мемлекеттік органның (жергілікті атқарушы органның) стратегиялық жоспарында (аумақты дамыту бағдарламасында) көрсетілген оның мақсаттары

мен міндеттерін орындау бойынша ұйымның қызметін сипаттайтын санмен өлшенетін түйінді көрсеткіштерді әзірлейді және жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың бірінші қыркүйегіне дейін ұйымға жеткізеді.

Түйінді көрсеткіштер тікелей нәтижелерді (белгілі бір көлемдегі және сападағы өнімді (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ұсыну), сол сияқты түпкілікті нәтижелерді (оларды алушылар үшін ұсынылған өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) тиімділігі) көрсетеді.

Түйінді көрсеткіштер сапа көрсеткіштерін (өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) оны алушылардың үміттеріне сәйкес келу дәрежесі) және тиімділік көрсеткіштерін (өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) өндірілетін бірлігіне пайдаланылатын ресурстарды төмендету) заттай немесе құндық мәнінде қамтиды.

Мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына (аумақты дамыту бағдарламасына) өзгерістер немесе толықтырулар енгізілген немесе жаңа редакцияда бекітілген жағдайларда тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) мемлекеттік органның стратегиялық жоспарында (аумақты дамыту бағдарламасына) өзгерістер немесе толықтырулар енгізілген немесе жаңа редакцияда бекітілгеннен кейін бір айдың ішінде ұйым үшін мақсаттар мен міндеттерді, сондай-ақ түйінді көрсеткіштерді нақтылайды.

7. Тиісті салалардың стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін уәкілетті органдары, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың бірінші қыркүйегіне дейін:

1) тиісті саланың уәкілетті органының, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты өз бюджеттік бағдарламасында көрсетілген бюджеттік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізуге және міндеттерді орындауға әкелетін ұйым қызметінің мақсаттары мен міндеттерін;

2) тиісті саланың уәкілетті органының, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының өз бюджеттік бағдарламасында көрсетілген оның мақсаттары мен міндеттерін орындау бойынша ұйымның қызметін сипаттайтын санмен өлшенетін түйінді көрсеткіштерін ұйымға жеткізеді.

Түйінді көрсеткіштер тікелей нәтижелерді (белгілі бір көлемдегі және сападағы өнімді (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ұсыну), сондай-ақ түпкілікті нәтижелерді (оларды алушылар үшін өнімді (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ұсынадан болатын тиімділік) көрсетеді.

Түйінді көрсеткіштер сапа көрсеткіштерін (өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) оны алушылардың үміттеріне сәйкес келуіне) және тиімділік көрсеткіштерін (өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің)

өндірілетін бірлігіне пайдаланылатын ресурстарды төмендету) заттай немесе құндық мәнінде қамтиды.

Бюджеттік бағдарламаға өзгерістер, толықтырулар енгізілген немесе жаңа редакцияда бекітілген жағдайда тиісті саланың уәкілетті органы, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты бюджеттік бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін немесе жаңа редакцияда бекітілгеннен кейін бір айдың ішінде ұйым үшін мақсаттар мен міндеттерді, сондай-ақ түйінді көрсеткіштерді нақтылайды.

8. Тиісті жоспарланатын кезеңге арналған даму жоспарын әзірлеуді, сондай-ақ даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бірыңғай оператор әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, ұйымның атқарушы органы мынадай тәртіппен жүзеге асырады:

1) бірінші жыл: бірінші жоспарланатын жылдың қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері таратылып (толық) жазылады, жоспарланатын келесі жылдары жиынтықталған (жинақталған) түрде, енгізілетін түзетулер көрсетіле отырып, жылдар бөлінісінде;

2) екінші жыл: бірінші жылдың бағалануы, екінші жыл таратылып (толық) жазылып, келесі жылдары жиынтықталған (жинақталған) түрде, енгізілетін түзетулер көрсетіле отырып, жылдар бойынша бөліністе;

3) үшінші жыл: бірінші жылдың фактісі мен екінші жылдың бағалануы, үшінші жыл таратылып (толық) жазылып, келесі жылдар жиынтықталған (жинақталған) түрде, енгізілетін түзетулер көрсетіле отырып, жылдар бойынша бөліністе;

4) төртінші жыл: бірінші, екінші жылдардың фактісі және үшінші жылдың бағалануы, төртінші жыл таратылып (толық) жазылып, келесі жылдар жиынтықталған (жинақталған) түрде, енгізілетін түзетулер көрсетіле отырып, жылдар бойынша бөліністе;

5) бесінші жыл: бірінші, екінші, үшінші жылдардың фактісі және төртінші жылдың бағалануы, бесінші жыл таратылып (толық) жазылып, енгізілетін түзетулер көрсетіле отырып, көрсетіледі;

Даму жоспарында жиынтықталған көрсеткіштер, оның ішінде мақсаттарға қол жеткізу және міндеттерді орындау бойынша көрсеткіштер, түйінді көрсеткіштер көрсетіледі. Даму жоспарына түсіндірме жазба түзетулерді ескере отырып, өткен жылдардың жыл сайынғы бағалануын және жоспарланған кезеңнің соңына дейін алдағы кезеңнің жиынтықталған көрсеткіштерінің негіздемесін қамтиды. Егер даму жоспарын түзету жиынтықталған көрсеткіштерді қозғамаса, олар бүкіл жоспарланатын кезеңде өзгеріссіз қалады.

Тиісті жоспарланатын кезеңге арналған даму жоспарын әзірлеуді жаңадан құрылған ұйымдар үшін осы ұйым әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден

өткен күннен бастап бірыңғай оператор әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, ұйымның атқарушы органы жүзеге асырады.

9. Атқарушы орган жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың бірінші қазанына дейін тиісті саланың уәкілетті органына немесе жергілікті атқарушы органға (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органға) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына даму жоспарының жобасын, сондай-ақ қатар жыл сайынғы түзетулерді (даму жоспарының екінші - бесінші жылдары) қарауға және келісуге жібереді.

Байқаушы кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда атқарушы орган даму жоспарының жобасын тиісті саланың уәкілетті органына немесе жергілікті атқарушы органға (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органға) келісуге енгізбестен бұрын оны алдын ала байқаушы кеңеспен келіседі.

Тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты даму жоспарының жобасы түскен күннен бастап оны он бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескертулер болған жағдайда атқарушы орган он жұмыс күні ішінде даму жоспарының жобасын пысықтайды және тиісті саланың уәкілетті органына немесе жергілікті атқарушы органға (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратына қайтадан келісуге жібереді.

Тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы орган) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты пысықталған даму жоспарының жобасын он жұмыс күні ішінде қарайды.

10. Атқарушы орган жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың он бесінші қарашасына дейін келісілген даму жоспарының жобасын акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқаушы кеңесінің) қарауына енгізеді.

Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқаушы кеңесі) даму жоспарының жобасын ол келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескертулер болған жағдайда, атқарушы орган он күнтізбелік күн ішінде даму жоспарының жобасын пысықтайды және оны акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқаушы кеңесінің) қарауына қайтадан ұсынады.

Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқаушы кеңесі) пысықталған даму жоспарының жобасын күнтізбелік он күн ішінде қарайды.

11. Даму жоспарын, сондай-ақ бекітілген даму жоспарының түзетулерін акционерлік қоғамның директорлар кеңесі, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқаушы кеңесі, мемлекеттік кәсіпорындар бойынша тиісті саланың уәкілеттік органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың жиырма бесінші желтоқсанына дейін бекітеді.

12. Ұйым даму жоспары бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұйымның ұлттық куәландырушы орталық берген электронды цифрлық қолтаңбасы қойылған және бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып электронды түрде даму жоспарын бекіткені туралы есепті (бұдан әрі – есеп) жібереді. Есеп акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқаушы кеңесінің, тиісті саланың уәкілеттік органының немесе жергілікті атқарушы органның (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының сканерленген шешімін қоса тіркеумен тізілімге қосу үшін бірыңғай операторға жіберіледі.

13. Бірыңғай оператор есеп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде есепті Мемлекеттік мүлік тізіліміне енгізгені туралы не есепті қабылдаудан бас тарту туралы хабарламаны ұйымның электрондық мекенжайына жібереді.

Мыналар:

1) есепке тіркелген, осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген басқару органының даму жоспарын бекіту туралы сканерленген шешімінің болмауы;

2) есепке ұйымға тиесілі емес электрондық цифрлық қолтаңбаның қойылуы ұйымның есебін қабылдаудан бас тартуға негіздеме болып табылады.

Бірыңғай оператор электрондық есепті қабылдаудан бас тартқан жағдайда, ұйым ескертулерді жояды және есепті қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама алған күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде электрондық есепті қайтадан бірыңғай операторға жібереді.

14. Даму жоспарын түзетуге жарты жылда бір рет қана жол беріледі:

Атқарушы орган жартыжылдық аяқталатын күнге дейін күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей даму жоспарының өзгертілген жобасын тиісті негіздемелерімен қоса, акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқаушы кеңесінің, мемлекеттік кәсіпорынның тиісті саласының уәкілеттік органының (жергілікті атқарушы органның немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы

органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының) қарауына енгізеді.

Ескертулер болған жағдайда, атқарушы орган бес жұмыс күні ішінде даму жоспарының түзетілген жобасын пысықтайды және акционерлік қоғамның директорлар кеңесіне, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқаушы кеңесіне, мемлекеттік кәсіпорынның тиісті саласының уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органға не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына) қайтадан ұсынады.

Түзетілген даму жоспарын жартыжылдық аяқталатын күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, акционерлік қоғамның директорлар кеңесі, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқаушы кеңесі, мемлекеттік кәсіпорынның тиісті саласының уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты) бекітеді.

Даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына Жолдауына, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына енгізілетін өзгеріске, сондай-ақ ұйымның қызметіне елеулі әсері бар ішкі және сыртқы ортаның өзгеруіне;

2) ұйым қызметінің негізгі бағыттарының өзгеруіне;

3) мемлекеттік органның стратегиялық жоспарында (аумақты дамыту бағдарламасына) өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне немесе көрсетілген құжаттарды жаңа редакцияда қабылдауға, оның ішінде мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың бюджеттен қаржыландырылуына немесе бюджеттен кредит берілуіне байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты жағдайларда жол беріледі.

15. Жыл сайын атқарушы орган акционерлік қоғамның директорлар кеңесіне, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқаушы кеңесіне, мемлекеттік кәсіпорындар бойынша – тиісті саланың уәкілетті органына немесе жергілікті атқарушы органға (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органға) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына тиісті негіздемелерімен қоса, даму жоспарының (даму жоспарының екінші-бесінші жылдары) түзетілген жобасын қарауға ұсынады.

Даму жоспарының түзетілген жобасы даму жоспарының алдыңғы жылдарда іске асырылуын бағалау жөніндегі ұсыныстарды, жоспарланатын кезең аяқталғанға дейін даму жоспарының жиынтықталған көрсеткіштерін қамтиды.

Байқаушы кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда атқарушы орган даму жоспарының түзетілген жобасын, оны тиісті саланың уәкілетті органымен немесе жергілікті атқарушы органмен (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органмен) келісуге енгізгенге дейін, байқаушы кеңеспен алдын ала келіседі.

Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқаушы кеңесі, мемлекеттік кәсіпорындар бойынша – тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты даму жоспарының түзетілген жобасын тиісті негіздемелерімен қоса келіп түскен күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескертулер болған жағдайда, атқарушы орган бес жұмыс күні ішінде даму жоспарының түзетілген жобасын пысықтайды және оны акционерлік қоғамның директорлар кеңесіне, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқаушы кеңесіне, мемлекеттік кәсіпорындар бойынша – тиісті саланың уәкілетті органына немесе жергілікті атқарушы органға (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органға) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына қайтадан ұсынады.

Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқаушы кеңесі, мемлекеттік кәсіпорындар бойынша – тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты даму жоспарының пысықталған жобасын он күн ішінде қарайды.

16. Атқарушы орган даму жоспарына түзетулер енгізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде электрондық есепті осы Қағидалардың 12 және 13-тармақтарына сәйкес тізілімге енгізу үшін бірыңғай операторға беруді қамтамасыз етеді.

3-тарау. Даму жоспарының іске асырылуын мониторингілеу және бағалау

17. Ұйымның даму жоспарының іске асырылуын мониторингілеуді тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының (Аумақтарды дамыту

бағдарламасының) көрсеткіштерін орындау туралы ақпаратты талдау және жалпылау және қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін орындау мақсатында жүзеге асырады.

18. Ұйымның даму жоспарының іске асырылуын мониторингілеу нәтижелері директорлар кеңесі, байқаушы кеңес, мемлекеттік кәсіпорындар бойынша – тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты ұйымның даму жоспарын орындау жөніндегі есебін бекіткеннен кейін жыл сайын отыз күнтізбелік күннің ішінде жүргізіледі.

Ұйымның даму жоспарының іске асырылуын мониторингілеу даму жоспарының және директорлар кеңесі, байқаушы кеңес, тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты бекіткен ұйымның даму жоспарын орындау жөніндегі есептің негізінде жүргізіледі.

19. Ұйымның даму жоспарының іске асырылуын мониторингілеу:

1) қызметтің жоспарланған және нақты қол жеткізілген түйінді көрсеткіштері, оларға қол жеткізілмеу себептері туралы ақпаратты;

2) еркін түрде жазылатын және мынадай мәліметтерді:

есепті кезеңде даму жоспарын іске асыру қорытындылары туралы қызметтің түйінді көрсеткіштері, мақсаттары мен міндеттері бөлінісінде, оның ішінде оларға қол жеткізілу дәрежесі туралы тұжырымдарды (нақты нәтижелердің жоспарланғандардан ауытқулары болған жағдайда, түпкілікті нәтижелерге әсер еткен себептер мен факторларды ашып көрсету қажет);

даму жоспарын іске асыру процесінде туындаған проблемалар, олардың қызметтің мақсаттары мен түйінді көрсеткіштеріне әсері, сондай-ақ анықталған проблемаларды шешу мен даму жоспарының уақтылы іске асырылуын қамтамасыз ету жөнінде қабылданған шараларды қамтитын талдамалық жазбаны ;

3) ұйымның даму жоспарын іске асыруды жалғастыру, ұйымның даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, жауапты орындаушылардың жоспарланған іс-шаралардың уақтылы іске асырылуын қамтамасыз етуі бойынша және тағы басқа ұсынымдарды;

4) қажет болған жағдайда жекелеген мақсаттарды, міндеттерді, іс-шараларды, ресурстарды қайта бөлуді, тиімсіз болған іс-қимылдарды тоқтатуды қайта қарауды және проблемаларды шешу мен осал жерлерін жөндеуде жаңа тәсілдер әзірлеуді қамтиды.

20. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің директорлар кеңесі (байқаушы кеңесі) ұйымның даму жоспарының мақсаттарына, міндеттеріне, көрсеткіштеріне қол жеткізу мақсатында мониторингілеу нәтижелерін пайдаланады.

21. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты мониторингілеу нәтижелерін, осы Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес "Есептілікті тапсырудың бірыңғай жүйесі" бағдарламалық қамтамасыз етуді (қол қойылған және мөрмен расталған қағаз түріндегі қорытындының сканерленген көшірмесін қоса бере отырып) пайдалана отырып, электрондық түрде тізілімге қосу үшін жібереді, оларға тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органның (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылады.

Бірыңғай оператор мониторингілеу нәтижелері түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының электрондық мекенжайына мониторингілеу нәтижелерінің тізілімге енгізілгені туралы не оны қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама жібереді. Тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының Қағидалардың осы тармағында көрсетілген талаптарды бұзуы бірыңғай оператордың мониторингілеу нәтижелерін қабылдаудан бас тартуының негізі болып табылады.

Бірыңғай оператор мониторингілеу нәтижелерін қабылдаудан бас тартқан жағдайда, тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты ескертулерді жояды және мониторингілеу нәтижелерін қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мониторингілеу нәтижелерін бірыңғай операторға қайта енгізеді.

Ұйымның даму жоспарының іске асырылуын мониторингілеу нәтижелері мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін бағалау кезінде пайдаланылады.

22. Мемлекет бақылайтын АҚ мен ЖШС даму жоспарының іске асырылуын бағалауды аудиттелген қаржылық есептілік бекітілгеннен кейін, олардың директорлар кеңесі, байқаушы кеңесі, мемлекеттік кәсіпорындар – тиісті

саласының уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жүзеге асырады.

23. Ұйымның даму жоспарының іске асырылуын бағалау көрсеткіштерінің тізбесі:

1) ұйымның даму жоспарының орындалуын елдің бағдарламалық және стратегиялық құжаттарының орындалуына сәйкестігіне;

2) ұйым қызметінің қаржылық көрсеткіштерінің орындалуын;

3) инвестициялық (инновациялық) жобалардың іске асырылуын;

4) корпоративтік басқаруды;

5) өзге де мақсаттардың, міндеттердің орындалуы және ұйымның бекітілген даму жоспарында көрсетілген қызметтің болжанатын түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалауды қамтиды.

24. Ұйымның даму жоспарын іске асыруды бағалау нәтижелерін атқарушы орган бірыңғай операторға даму жоспарының іске асырылуын бағалау бекітілгеннен кейін бес күн ішінде акционерлік қоғамның директорлар кеңесі, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқаушы кеңесі, тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты шешімінің сканерленген көшірмесімен қоса ұсынады.

25. Қарыздар тартылған жағдайда, ұйымдар осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес ұйымның атқарушы органының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған "Есептілікті тапсырудың бірыңғай жүйесі" бағдарламалық қамтамасыз етуін пайдалана отырып, тізілімге қосу үшін қарыздар мен уақытша бос ақша қаражаты бойынша ақпаратты электрондық түрде жолдайды.

Қарыздар тартқан кезде саясатын акционерлік қоғамдар үшін директорлар кеңесі, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер үшін байқаушы кеңес, мемлекеттік кәсіпорындар үшін мемлекеттік басқару органы бекітетін тәуекелдерді басқару ұйымдар әзірлейді.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 27 наурыздағы
№ 249 бұйрығымен бекітілген
Мемлекет бақылайтын
акционерлік қоғамдардың,
жауапкершілігі
шектеулі серіктестіктердің және
мемлекеттік кәсіпорындардың
даму жоспарларын әзірлеу,
бекіту, сондай-ақ олардың іске
асырылуын мониторингілеу мен

Дамыту жоспарының құрылымы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 23.02.2018 № 73 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1.	Титулдық парағы	
2.	Ұйым паспорты	
3.	Ұйымдық құрылым	
4.	Корпоративтік құрылым	
5.	"Даму көрсеткіштері" бөлімі	Тараулар Мақсаттар, міндеттер және түйінді көрсеткіштер Іске асыру бағдарламасы
6.	"Біріктірілген көрсеткіштер" бөлімі	Тараулар Қаржы-шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіштері Шығыстар Инвестициялық (инновациялық) жоспар Үлестік құралдарды сатып алу
7.	"Жоспарланатын жылдың көрсеткіштері" бөлімі	Тараулар Активтер Қаржыландыру көздері Персонал Талаптар Міндеттемелер Ақшаның түсуі Ақшаның кетуі Активтерді сатып алу (құру) Дайын өнімнің қалдықтары Өндіріс жоспары Негізгі өндірістің шығындары
		Қосалқы өндіріс Қосымша шығыстар Кірістер Әкімшілік шығыстар Сыйақылар бойынша шығыстар Өзге шығыстар Салық және бюджетке төленетін өзге де төлемдер Орналасқан жердің алаңы және автокөлік
		Ағымдағы жағдай Мақсаттар, міндеттер және түйінді көрсеткіштер Іске асыру бағдарламасы

8. "Түсіндірме жазба" бөлімі	Тараулар	Дивидендтер (таза кірістің бөлігін тарату)
		Қызметтің көрсеткіштері
		Инвестициялық (инновациялық) жоспар
		Персонал
		Ақша
		Дайын өнімнің қалдығы
		Өндіріс жоспары
		Өндіріс шығындары
		Кірістер
		Әкімшілік шығыстар
		Сыйақылар бойынша шығыстар
		Өзге шығыстар
		Салықтар және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер
		Тәуекелдер

Ескертпе: Дамыту жоспары, егер мұндай толықтыру Ұйымның мақсаттарын, міндеттерін, түйінді көрсеткіштерін, қаржылық-шаруашылық қызметі көрсеткіштерін және басқа да мәліметтерді ашуға мұндай толықтыру орынды болған кезде, басқа бөлімдермен, тараулармен, параграфтармен және қосымшалармен толықтырылуы мүмкін.

Дамыту жоспары бөлімдермен, бөлімдер тараулармен, ал тараулар параграфтармен толықтырылған жағдайда, әрбір қосымша ұсынылатын бөлімнің және (немесе) тараудың және (немесе) параграфтың тиісті белгісі ("бөлім", "тарау", "параграф"), сондай-ақ атауы болуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 249 бұйрығымен бекітілген Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу мен бағалау қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Паспорт

Тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты

ұйымдастырушылық-құқықтық нысан

Ұйым	атауы	
------	-------	--

№	Атауы		Ақпарат		
			Занды	Нақты	
1	Мекенжай	деректемелер			
2		индекс			
3		облыс			
4		қала (кент)			
5		көше (ықшам аудан)			
6		үй			
7		кеңсе			
8	Байланыс				
9	телефондары				
10	Электрондық мекенжай (e-mail), веб-сайт				
11	БСН (бизнес сәйкестендіру нөмірі)				
12	КҰЖС бойынша идентификациялық код (Кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы сыныптамасы)				
13	ЭҚЖС бойынша қызметтің түрі (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптамасы)				
14	Тиісті саланың уәкілетті органының атауы				
15	Қысқаша тарихы:	сәйкес Ұйым құрылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	бастап	күн (КК)	ай (АА)
16					
17			№		
18		Қызмет түрлері (Жарғыға сәйкес)			
19					
20					
21			Әділет органдарында тіркеу	күн (КК)	ай (АА)
22					
23		Қайта тіркеу (соңғы)	күн (КК)	ай (АА)	жыл (ЖЖЖ)
24					
25	Табиғи монополияның субъектісі болып табылама	табиғи монополия саласы			
26		реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) түрлері			
27		Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне қосу негізі			
28			Қызметтің түрі	Географиял	
29	Үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі болып табылама				
30					
31					
32					
33		Табиғат пайдалану құқығына лицензия және (немесе) рұқсат, лицензия және (немесе) рұқсатты берген орган	бастап	күн (КК)	ай (АА)
34					

35			№				
36	Табиғат пайдаланушы болып табылама	Табиғат пайдалану құқығына шешім, шешімді қабылдаған орган (ҚР Үкіметі, СІМ)	бастап	күн (КК)	ай (АА)		
37							
38				№			
39			Табиғат пайдалану құқығына келісімшарт (келісім), келісім жасаған орган	бастап	күн (КК)	ай (АА)	
40							
41				№			
42			Табиғат пайдалану сипаттамасы		тұрақты		уақытша
43					иеліктен шығарылатын		иеліктен шығарылма
44					бастапқы		туынды
45					қайтарымды		қайтарымсыз
46	Жер қойнауын пайдаланушысы болып табылады ма	Жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар			Операция түрі		
47			Келісім шарт жасаған (рұқсат берген) орган				
48			Келісім шарт (рұқсат)	бастап	күн (КК)	ай (АА)	
49							
50				№			
51			Операция түрі				
52			Келісім шарт жасаған (рұқсат берген) орган				
53			Келісім (рұқсат)	бастап	күн (КК)	ай (АА)	
54							
55				№			
56	Су пайдаланушысы болып табылама	Су пайдалану құқығына рұқсат, рұқсат берген орган	бастап	күн (КК)	ай (АА)		
57							
58				№			
59			Су пайдаланудың сипаттамасы		тұрақты	уақытша	
60					алынатын	алынбайтын	
61					бастапқы	екіншілік	
62	Жерді пайдалану құқығына шешім, шешімді қабылдаған орган		бастап	күн (КК)	ай (АА)		
63							
64				№			
65							
66	Жер пайдаланушысы						

67	болып табылама			тұрақты		уақытша	
68		Жер пайдаланушының сипаттамасы		иеліктен шығарылатын		иеліктен шығарылма	
69				бастапқы		екіншілік	
70				қайтарымды		қайтарымсыз	
71	Орман пайдаланушысы болып табылама	орманды ұзақ мерзімді пайдалану	Орманды пайдалануға тендердің нәтижелері туралы хаттама (келісімшарт), келісім шартты жасаған орган	бастап			
72							
73							
74					№		
75	орманды уақытша пайдалану	Орман билеті, оны берген орган		бастап			
76							
77							
78					№		
79	Жарғылық капитал, мың теңге	жарғыға сәйкес					
80		төленген					
81	Акциялар саны			Хабарланған	Орналастырылған		
82	Барлығы						
83	оның ішінде	Жай акциялар	Барлығы				
84			оның ішінде	мемлекеттік меншікте	X		
85				жеке меншікте	X		
86		Басым акциялар	Барлығы				
87			оның ішінде	мемлекеттік меншікте	X		
88				жеке меншікте	X		
89	Бір акцияның құны мен табыстылығы			бұған дейін кезеңнің фактісі	есептің кезеңі		
90	Бір акцияның құны						
91	Бір акцияның табыстылығы	жалпы			Бір акцияның табыстылығы		
92		мемлекетті тапсырысы бойынша және өнімдерді мемлекеттік мекемелерге сатудан түсетін табыстарды есепке алмағанда					
93	Бір акция құны өсімінің қарқыны						
94	Тіркеушінің мәліметтер	Ұйымдық-құқықтық ыңсан	атауы	Тіркеушінің мәліметтер	Ұйымдық-құқықтық ыңсан атауы		
95					дата выдачи (ДД.ММ.ГГГГ) номер		
96							
97	Жарғылық капиталдағы үлесі (ЖШС), %	Барлығы					
98		оның ішінде	мемлекеттік меншікте				
99			жеке меншікте				
100	ЖШС немесе мемлекеттік мекемеге инвестицияланған қаражаттың табыстылығы			бұған дейін кезеңнің фактісі	есепті фактісі		

101	Инвестицияланған	жалпы		
102	қаражаттың табыстылық коэффициенті	мемлекет тапсырыс бйынша және өнімді мемлекеттік мекемелерге сатудан түсетін табыстарды есепке алмағанда		

103	Пайдалануы шектеулі мүлік пен шектеу салынған мүлік	мың теңге	% теңгерімдік құннан	Ол бойынша билік ету шектелген акті ауыртпалық салуға негізде болатын құжат)	Оның мүддесі үшін шектеу салынған субъект (ауыртпалық салу)
104	Барлығы			X	X
105	оның ішінде				оның ішінде
106					жер
107					ғимараттар
108					мен қрылыстар
109					машиналар
110					мен жабдық
111					

Атқарушы орган басшысының лауазымы
тегі
Ұйымның мөрінің орны

Қолы Аты-жөні және

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 249 бұйрығымен бекітілген Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу мен бағалау қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Корпоративтік құрылым

Тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	
Ұйым	ұйымдастырушылық-құқықтық нысан атауы

Еншілес ұйымдар	Бірінші деңгейлі ұйымдар	Екінші деңгейлі ұйымдар	Үшінші деңгейлі ұйымдар	Тө ұй

ҰҚН	БСН	атауы	% акциялар (қатысу үлестері)	ҰҚН	БСН	атауы	% акциялар (қатысу үлестері)	ҰҚН	БСН	атауы	% акциялар (қатысу үлестері)	ҰҚН	БСН	атауы	% акциялар (қатысу үлестері)	ҰҚ

Ұйым қалыптастыратын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің саны

ҰҚН	Бірінші деңгейлі ұйымдар	Екінші деңгейлі ұйымдар	Үшінші деңгейлі ұйымдар	Төртінші деңгейлі ұйымдар	Барлығы
АҚ					
ЖШС					
Барлығы					

Атқарушы орган басшысының лауазымы
тегі

Қолы Аты-жөні және

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 249 бұйрығымен бекітілген Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу мен бағалау қағидаларына 4-қосымша
Нысан

Бекітілген			
бастап	күні	ай	жыл
	КК	АА	ЖЖЖЖ
№			

Даму жоспары бекітілген құжаттың атауы

Ұйымның мөрін қою орны

--	--

Тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті бюджеттен қаржыдандырылатын атқарушы орган) немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты					
Ұйым	ұйымдық-құқықтық нысан				
	атауы				
жоспарланатын кезең		бастап	ЖЖЖЖ	дейін	ЖЖЖЖ

"Даму көрсеткіштері" бөлімі "Мақсаттар, міндеттер және басты көрсеткіштер" тарауы

Мақсаттар		Мақсаттар			нәтиженің мазмұны		өлшем бірлігі	20XX-2	20XX-1	20XX	20XX	
№	мазмұн	№	мазмұн	Нәтиже				есептік қаржылық жылдың фактісі (факт)	ағымдағы қаржылық жылды бағалау (факт)	кезекті қаржылық жылдың жоспары (бағалау)	жосп (бағал)	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
				соңғы								
				Міндет								
				№	атауы	Нәтиже	нәтиженің мазмұны					
						тікелей						
						сапа (жоспарлаған кезде)						
						тиімділік (жоспарлаған кезде)						
						тікелей						
						сапа (жоспарлаған кезде)						
						тиімділік (жоспарлаған кезде)						
						тікелей						
						сапа (жоспарлаған кезде)						

				тиімділік (жоспарлаған кезде)					
			соңғы						
